

"Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 16 қыркүйек N 1014

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ЗАҢЫ

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы

Осы Заң көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру саласында туындайтын қатынастарды реттейді және оны жүргізудің құқықтық, қаржылық және ұйымдық негіздерін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) көлік құралының иесі - көлік құралына меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы, жедел басқару құқығы бар не кез келген басқа да заңды негізде (мүліктік жалдау шарты, көлік құралын жүргізуге сенімхат, көлік құралын беру туралы құзыретті органның өкімі және басқалары) иеленуші жеке немесе заңды тұлға;
- 2) пайда алушы - осы Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын т ұ л ғ а ;
- 3) көлік құралы иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі - жеке немесе заңды тұлғалардың аса қауіп-қатер көзі ретінде көлік құралын пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеуге Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарымен белгілеген міндеті;

- 4) сақтандырылған адам - сақтандырумен қамтылған адам;
- 5) кешенді шарт - сақтандыру полисінде көрсетілген және бір сақтандырылушы жеке тұлғаға қатысты ғана қолданылатын екі және одан да көп көлік құралдары бірлігінің иесі болып табылатын жеке тұлғамен жасалатын көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты;
- 6) жолаушы - ауызша немесе жазбаша нысанда өзінің ерік білдіруі негізінде тасымалдаушымен тасымалдау шартын жасасқан жеке тұлға;
- 7) зардап шегуші - көлік құралын пайдалану нәтижесінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген тұлға және оны өтеу жөніндегі міндет Қазақстан Республикасының заңдарына сай көлік құралының иесі ретінде сақтанушыға (сақтандырылған адамға) жүктелген;
- 8) стандартты шарт - сақтандыру полисінде аталған және бір немесе бірнеше сақтандырылған тұлғаларға қатысты қолданылатын жеке, заңды тұлғалар жасайтын көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ш а р т ы ;
- 9) сақтанушы - сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға. Егер сақтандыру шартында басқаша көзделмесе, сақтанушы сонымен бір уақытта сақтандырылған болып табылады;
- 10) сақтандыру сыйлықақысы - сақтанушы сақтандырушыға оның сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандырушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жасауға міндеттемелер қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;
- 11) сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемі болатын а қ ш а с о м а с ы ;
- 12) сақтандыру полисі - Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес сақтандырушы ресімдейтін, нөмірі мен сериясы көрсетіле отырып сақтанушыға (сақтандырылған адамға) берілетін сақтандыру шарты;
- 13) сақтандыру жағдайы - басталуына байланысты сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін жағдай;
- 14) сақтандырушы - сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе шартпен белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде пайдасына шарт жасалатын өзге тұлғаға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін ж а с а у ғ а м і н д е т т і т ұ л ғ а ;
- 15) көлік оқиғасы - көлік құралы қозғалысының процесінде және оның қатысуымен, сондай-ақ көлік құралынан бөлініп кеткен бөлшектер мен ондағы жүктің қозғалысы нәтижесінде туындаған, соның нәтижесінде үшінші тұлғаларға зиян келтірілген жол-көлік оқиғасы немесе өзге де оқиға;
- 16) көлік құралын пайдалану - көлік құралдарын жолдармен жүру үшін,

сондай-ақ оларға іргелес салынған немесе көлік құралдарының қозғалысына бейімделген және пайдаланылатын аумақтарды пайдалану.

2-бап. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы
Қазақстан Республикасының заңдары

1. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңдары Қазақстан Республикасының

Қ951000_

Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық

Қ941000_

кодексінен, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзге ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру объектісі

Сақтандырылған адамның Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген міндетіне байланысты аса қауіп-қатер көзі ретінде көлік құралын пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеуге мүлктік мүддесі көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру объектісі болып табылады.

4-бап. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың мақсаты және негізгі принциптері

1. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың мақсаты (бұдан әрі - көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру) көлік құралдарын пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген мүлктік мүдделерін сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы қорғауды қамтамасыз ету болып

т а б ы л а д ы .

2. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың негізгі принциптері мыналар болып табылады:

зардап шегушілердің мүлктік мүдделерін осы Заңда белгіленген көлемде және тәртіпте қорғауды қамтамасыз ету;

оның иесінде көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты болған жағдайда көлік құралын пайдалану;

тараптардың көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету;

көлік құралдары иелерінің жол жүру қауіпсіздігін арттырудағы экономикалық мүдделілігі .

5-бап. Азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті түрде сақтандырылуға жататын тұлғалар

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің жол полициясы органдарында тіркелген (мемлекеттік тіркеуге жататын) немесе Қазақстан Республикасына уақытша келген (әкелінген) жеңіл, жүк автомобильдері, автобустар, микроавтобустар және солардың негізінде жасалған көлік құралдары, мотокөлік және олардың тіркемелері (жартылай тіркемелер), сондай-ақ трамвай мен троллейбустер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті түрде сақтандырылуға жатады.

2. Көлік құралының иесі өзі пайдаланатын әрбір көлік құралының бірлігі бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруға міндетті.

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру шартын жасау көлік құралының иесін көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау жөніндегі міндеттен босатпайды.

3. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты басқа мемлекетте тіркелген, иесі Қазақстан Республикасында осы мемлекет пен Қазақстан Республикасының арасында жасалған халықаралық шарт талаптарына сәйкес танылатын көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты жасалған көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағына кірген жағдайда жасалмайды .

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің жол полициясы органдарында (бұдан әрі - жол полициясы органдары) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік тіркеуге және есепке алуға жатпайтын (трамвайлар мен троллейбустарды қоспағанда) көлік құралдарының иелерімен көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалмайды.

Осы тармақта көрсетілген көлік иелерінің көлік құралдарын пайдалану нәтижесінде зардап шегушіге келтірген зиян Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде

белгіленген тәртіппен өтеледі.

5. Өзінің қызметтік немесе еңбек міндеттерін орындау үшін, оның ішінде көлік құралының иесімен еңбек немесе өзге де жасалған шарт негізінде не мәмілені жазбаша нысанда ресімдеместен оның ерік білдіруі негізінде көлік құралы иесінің қатысуымен көлік құралын жүргізуші адам көлік құралының иесі болып табылмайды.

2-тарау. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету

6-бап. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру жүйесін мемлекеттік бақылау

1. Сақтандыру ұйымдарының қызметін мемлекеттік қадағалауды сақтандыру қызметін реттеу және бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

2. Көлік құралдары иелерінің осы Заңда белгіленген көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау жөніндегі міндетінің орындалуын мемлекеттік бақылауды жол полициясы органдары жүзеге асырады.

7-бап. Көлік құралын көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынсыз пайдалануға жол бермеу

1. Көлік құралының иесінде көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты болмаған жағдайда, оны пайдалануға жол берілмейді.

2. Көлік құралын жүргізетін адамда көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың сақтандыру полисі болуы міндетті.

8-бап. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүргізу ерекшеліктері

1. Сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру құқығына лицензияны алуға ниеттенген заңды тұлға сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорын құру және қызметі туралы Қазақстан Республикасының заң актісінде белгіленген тәртіппен аталған қордың қатысушысы болуға міндетті.

2. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандырушы өзінің қаржылық есебін тоқсан сайын Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таратылатын кемінде екі мерзімді басылымдарда мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялауға міндетті.

3. Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер және мемлекеттік кәсіпорындар Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңдарына сәйкес көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру қызметін көрсетуді сатып алуға міндетті.

4. Сақтандырушы сақтандыру тәуекелдері, сақтандыру жағдайлары және көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдері жөніндегі ақпараттық деректер базасын қалыптастыратын және жүргізетін ұйымды құруға қатысуға құқылы.

3-тарау. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты

9-бап. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты және оны жасау тәртібі

1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру осы Заңға сәйкес сақтанушы мен сақтандырушы арасында жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады.

2. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында зардап шегушінің моральдық зиянын және айырылып қалған пайдасын, сонымен бірге тауарлық құны жойылған мүлкін өтеуді, сондай-ақ зардап шегушінің тауар жеткізу немесе жұмысты орындау (қызмет көрсету), мерзімдерін бұзуына, келісім-шарттар (шарттар) бойынша оның өзге де міндеттеріне байланысты тұрақсыздық айыбын өтеуді қоспағанда, зардап шегушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіруден туындаған шығындарды өтеу бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделеді.

3. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты міндетті сақтандырудың осы түрі бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар сақтандырушымен ғана жасалуға тиіс.

Сақтанушы сақтандырушыны таңдауға ерікті.

Сақтандырушы сақтанушының көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасауына қарсы болмауға тиіс.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде пайда алушыға осы Заңда көзделген тәртіппен және мөлшерде сақтандыру төлемін жасауға міндеттенеді.

4. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттары мынадай түрлерге бөлінеді:

1) стандартты;

5. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының сақтанушыға (сақтандырылған адамға) сақтандыру полисін беруі арқылы жазбаша түрде жасалады.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасауға сақтанушының өтініші негіз болып табылады.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетуге тиісті талаптардың толық болмағандығы үшін жауапкершілік сақтандырушыға жүктеледі. Сақтандыру шартының жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан ол бойынша дау туындаған жағдайда, дау сақтанушының пайдасына шешіледі.

6. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаған кезде сақтанушы сақтандырушыдан көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру талаптарын, өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге құқылы.

Сақтандырушы сақтанушыдан Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мәліметтерден басқа, осы Заңға сәйкес көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартына енгізуге қажетті мәліметтер, сондай-ақ бұдан бұрынғы көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттары, сақтандыру жағдайлары мен сақтандыру төлемдері туралы ақпарат беруін талап етуге құқылы.

7. Сақтандыру полисінде шарттың түрі көрсетілуге тиіс.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полисін ресімдеу бойынша қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңдарында белгіленеді.

8. Сақтандыру полисі жоғалған жағдайда сақтандырушы сақтанушыға (сақтандырылған адамға) оның жазбаша өтініші негізінде сақтандыру полисінің дубликатын беруге міндетті.

Сақтандыру полисі бланкісін дайындауға және дубликатын ресімдеуге жұмсалған шығысты сақтанушы (сақтандырылған адам) өтейді, мұндайда жұмсалатын шығыстардың жалпы сомасы өтініш берілген күні белгіленген 0,1 айлық есептік көрсеткіштен артық болмауға тиіс.

9. Егер сақтандырушы көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын сақтанушының (сақтандырылған адамның) немесе зардап шегушінің жағдайын осы Заңда көзделген талаптармен салыстырғанда нашарлататын талаптармен жасаса, онда сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы сақтанушының (сақтандырылған адамның) және зардап шегушінің алдында осы Заңда

көзделген талаптар бойынша міндеттемелерге жауап береді.

10-бап. Стандартты шарт

1. Стандартты шарт бойынша бір немесе бірнеше көлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылуы мүмкін.

2. Стандартты шарт сақтандырушының сақтанушыға (сақтандырылған адамға) пайдаланылатын көлік құралының әрқайсысына, оның ішінде тіркемеге (жартылай тіркемеге) жеке сақтандыру полисін беру арқылы жасалады.

3. Сақтандыру полисінде сақтанушы (сақтандырылған адам, сақтандырылған адамдар) туралы және пайдаланылатын көлік құралы туралы мәліметтер болуға тиіс.

4. Сақтанушы (сақтандырылған адам) стандартты шарт жасаған кезде, сондай-ақ оның қолданылу мерзімі ішінде көлік құралдарының сақтандырылған барлық иелерін сақтандыру полисіне енгізуді талап етуге құқылы.

Сақтандырушы сақтандыру полисіне өзгерістерді сақтанушының жазбаша өтініші негізінде енгізеді.

5. Стандартты шарт бойынша сақтанушының (сақтандырылған адамның) үшінші тұлғаларға зиян келтіру нәтижесінде туындайтын не мынадай жағдайларда сақтанушының (сақтандырылған адамның) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған деп есептеледі:

1) көлік құралын оны сақтанушының (сақтандырылған адамның) қатысуымен жүргізу құқығы бар адам жүргізгенде;

2) көлік құралын сақтанушымен (сақтандырылған адаммен) жазбаша нысанда ресімделген еңбек немесе өзге де шарт негізінде адам жүргізгенде;

3) көлік құралын, егер келтірілген зиян үшін жауапкершілік сақтанушыға (сақтандырылған адамға) жүктелсе, көлік құралын заңсыз иеленген адам жүргізгенде.

6. Егер осы баптың 4-тармағында көзделген өзгерістерді енгізу сақтандыру сыйлықақысы мөлшерінің көбеюіне немесе азаюына әкеп соғатын болса, сақтандырушы осы Заңға сәйкес сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін қайта есептеуге және сақтанушыдан қосымша төлеуді талап етуге не сақтанушы төлеген соманы сақтандырушының іс жүргізуге жұмсаған шығыстарын өтеуді ескере отырып қайтаруға міндетті.

11-бап. Кешенді шарт

1. Кешенді шарт бойынша бір немесе бірнеше көлік иесі болып табылатын жеке тұлғаның азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылуы мүмкін.

2. Кешенді шарт сақтандырушының сақтанушыға (сақтандырылған адамға) пайдаланылатын көлік құралдарының бәріне сақтандыру полисін беру арқылы

ж а с а л а д ы .

3. Сақтандыру полисінде сақтанушы (сақтандырылған адам) - жеке тұлға және ол пайдаланатын көлік құралдары туралы мәліметтер болуға тиіс.

4. Сақтанушы (сақтандырылған адам) кешенді шарттың қолданылу мерзімі ішінде өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру міндеттілігіне қатысты көлік құралдары көбейген немесе азайған жағдайда сақтандыру полисіне өзгерістер енгізуді талап етуге құқылы.

Сақтандырушы сақтандыру полисіне өзгерістерді сақтанушының (сақтандырылған адамның) жазбаша өтініші негізінде енгізеді.

5. Кешенді шарт бойынша сақтанушының (сақтандырылған адамның) үшінші тұлғаларға зиян келтіру нәтижесінде туындайтын не мынадай жағдайларда сақтанушының (сақтандырылған адамның) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған деп есептеледі:

1) көлік құралын оны сақтанушының (сақтандырылған адамның) қатысуымен жүргізу құқығына ие адам жүргізгенде;

2) көлік құралын, егер келтірілген зиян үшін жауапкершілік сақтанушыға (сақтандырылған адамға) жүктелсе, көлік құралын заңсыз иеленген адам жүргізгенде.

6. Егер осы баптың 4-тармағында көзделген өзгерістерді енгізу сақтандыру сыйлықақысы мөлшерінің көбеюіне немесе азаюына әкеп соғатын болса, сақтандырушы осы Заңға сәйкес сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін қайта есептеуге және сақтанушыдан қосымша төлеуді талап етуге не сақтанушы төлеген соманы сақтандырушының іс жүргізуге жұмсаған шығыстарын өтеуді ескере отырып қайтаруға міндетті.

12-бап. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуы

1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты осы Заңға сәйкес зардап шегуші деп танылған, оның ішінде зиян келтіруге кінәлі болып табылатын сақтанушының (сақтандырылған адамның) көлік құралында болған барлық адамдарға қатысты қолданылады.

2. Осы Заңға сәйкес мыналар зардап шегуші болып танылмайды:

1) сақтанушымен (сақтандырылған адаммен) қызметтік немесе еңбек міндеттеріне орай, оның ішінде еңбек немесе өзге де жасалған шарт негізінде не мәмілені жазбаша нысанда ресімдеместен оның ерік білдіру негізінде сақтанушының (сақтандырылған адамның) қатысуымен көлік құралын жүргізуші адам;

2) тасымалдаушы болып табылатын және тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды реттейтін заң актісінің талабы қолданылатын сақтанушының (сақтандырылған адамның) көлік

құралындағы

жол аушылар;

3) егер Қазақстан Республикасының заң актілерімен сақтанушыға (сақтандырылған адамға) жұмыс беруші ретінде қызметкердің еңбек міндеттерін орындау кезінде денсаулығына және өміріне зиян келтіргені үшін өз жауапкершілігін сақтандыру міндеті жүктелсе, сақтанушының (сақтандырылған адамның) қызметкерлері.

Сақтандырушы осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілгені үшін сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды.

3. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

4. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты күшіне енгізілген күннен бастап он екі ай мерзімге жасалады.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жеке немесе заңды тұлғаның көлік құралын иелену құқығының пайда болған кезінен бастап, бірақ осы көлік құралының жол полициясы органдарында мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткен кезден бастап 10 күннен кешіктірмей жасалуы тиіс.

5. Көлік құралы маусымдық пайдаланылған кезде көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын осы баптың 4-тармағында көзделгеннен басқа мерзімге, бірақ кемінде алты айға жасауға жол беріледі.

6. Көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кірген жағдайда көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты уақытша кіру мерзіміне, бірақ кемінде бес күнге жасалады.

7. Егер Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шартта өзгеше көзделмеген болса, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

13-бап. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуын тоқтату

1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты мынадай жағдайларда тоқтатылды деп есептеледі:

- 1) шарттың қолданылу мерзімі өткенде;
- 2) шарт мерзімінен бұрын тоқтатылғанда;

3) сақтандыру жағдайының алғашқы басталуы бойынша сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырғанда.

2. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде сақтандырушы сақтандыру полисін алуға тиіс. Сонымен бірге көлік құралының (егер ол жойылып кетпесе) иесі өзінің таңдауы бойынша міндетті сақтандырудың осы түрін (класын) жүзеге асыру құқығы

бар кез келген сақтандырушымен жаңа кезеңге көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасауға міндетті.

14-бап. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату

1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру

шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық

Қ941000_

кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

2. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату үшін сақтанушы (ал ол қайтыс болған жағдайда - оның мұрагер(лер)і) сақтандырушыға жазбаша өтініш береді.

3. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда сақтанушы сақтандыру сыйлықақысының, сақтандырушының істі жүргізуге жұмсаған шығыстарын ұстап қалуын есептен шығара отырып, мынадай мөлшердегі бөлігін қайтаруға құқылы:

! көлік - құралдары иелерінің ! сақтандырушы ұстап
рет! жауапкершілігін міндетті сақтандыру ! қалатын сақтандыру
N! шарты күшіне енген күннен бастап ! сыйлықақысының мөлшері
! мерзімінен бұрын тоқтатылғанға ! (жылдық сақтандыру
! өткен мерзім ! сыйлықақысынан процентпен)

! _____ !
1! 2 ! 3 _____ !

1.	15 күнге дейін, қоса алғанда	15
2.	16 күннен 1 айға дейін, қоса алғанда	20
3.	1 айдан 2 айға дейін, қоса алғанда	30
4.	2 айдан 3 айға дейін, қоса алғанда	40
5.	3 айдан 4 айға дейін, қоса алғанда	50
6.	4 айдан 5 айға дейін, қоса алғанда	60
7.	5 айдан 6 айға дейін, қоса алғанда	70
8.	6 айдан 7 айға дейін, қоса алғанда	75
9.	7 айдан 8 айға дейін, қоса алғанда	80

10. 8 айдан 9 айға дейін, қоса алғанда	85
11. 9 айдан 10 айға дейін, қоса алғанда	90
12. 10 айдан 11 айға дейін, қоса алғанда	95
13. 11 айдан астам	100

15-бап. Сақтанушының құқықтары мен міндеттері

1. Сақтанушы:

1) сақтандырушыдан көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

2) сақтандыру полисін жоғалтып алған жағдайда оның дубликатын алуға;

3) зардап шегушінің денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянның мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметін пайдалануға;

4) келтірілген зиянды бағалау нәтижелерімен және сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген сақтандыру төлемінің есебімен танысуға;

5) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

6) сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту немесе оның мөлшерін негізсіз азайту туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қарсы болуға;

7) сақтандыру төлемін осы Заңда көзделген жағдайларда алуға құқылы.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтанушының Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

2. Сақтанушы:

1) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаған кезде сақтандырушыға осы Заңға сәйкес сақтандыру шартына енгізу үшін қажетті мөлiметтерді ұсынуға;

2) сақтандыру сыйлықақысын көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде төлеуге;

3) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне белгілі болғаннан бастап үш күннен кешіктірмей өзіне қолайлы кез келген әдіспен (ауызша, жазбаша) бұл туралы сақтандырушыға хабарлауға міндетті. Сақтанушы және сақтандырылған адам бір тұлға болып табылмаған жағдайда, сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар ету міндеті сақтандырылған адамға жүктеледі. Егер сақтанушының (сақтандырылған адамның) дәлелді себептермен көрсетілген әрекеттерді орындауға мүмкіндігі болмаған жағдайда, ол мұны құжаттармен растауға тиіс;

4) көлік оқиғасы болған кезде зардап шеккендер мен жол полициясы қызметкерлерінің талабы бойынша көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалған сақтандырушының атауын және орналасқан ж е р і н х а б а р л а у ғ а ;

5) көлік оқиғасы болған кезде мүмкін болатын шығынды болдырмау немесе мөлшерін азайту, сонымен бірге мүлікті сақтау және зардап шегушілерге көмек көрсету үшін жағдайға қарай қолдан келетін шаралар қабылдауға;

6) көлік оқиғасы және зардап шегушілер туралы тиісті органдарға және ұйымдарға олардың құзыретіне қарай (жол полициясы және өртке қарсы қызмет органдарына, жедел медициналық жәрдем қызметіне, апатпен күрес қызметіне) хабарлауға;

7) сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлаған күннен бастап дереу, бірақ екі жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы зардап шегушіге х а б а р л а у ғ а ;

8) сақтандыру жағдайының болуына жауапты адамға кері талап (регресс) құқығының сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Сақтанушының осы баптың 2-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген міндеттері көлік оқиғасы болған кезде көлік құралын тікелей жүргізген а д а м ғ а ж ү к т е л е д і .

16-бап. Сақтандырушының құқықтары мен міндеттері

1 . С а қ т а н д ы р у ш ы :

1) көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаған кезде сақтанушыдан осы Заңға сәйкес көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартына енгізуге қажетті мәліметтер беруін талап етуге;

2) тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, олардың құзыретіне қарай сақтандыру жағдайының басталу фактісін және зардап шегушіге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;

3) көлік оқиғасының себептерін және өзге де жағдайларды анықтау және келтірілген зиянның мөлшерін айқындау үшін зардап шегушінің бүлінген (жойылған) м ү л к і н б а ғ а л а у ;

4) көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетілген көлік құралын пайдалану кезінде сақтандырылған адам келтірген зиянды өтеу туралы шағымдар бойынша сотта сақтандырылған адамның мүддесін білдіруге;

5) зардап шегушінің денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянның мөлшерін қарап шығу және бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметін пайдалануға және сақтандыру жағдайы басталған жағдайда сақтандыру төлемінің мөлшерін б е л г і л е у г е ;

6) осы Заңның 27-бабында көзделген жағдайларда келтірілген зиян үшін жауапты

адамға кері талап ұсынуға;

7) осы Заңның 28-бабында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

Көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтандырушының Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

2. Сақтандырушы :

1) сақтанушыны (сақтандырылған адамды) көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының талаптарымен таныстыруға, оның міндетті көлік құралы иелерінің жауапкершілігін сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

2) көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасағаннан кейін сақтанушыға (сақтандырылған адамға) сақтандыру полисін, ал оны жоғалтқан жағдайда - дубликатын беруге;

3) осы Заңның 10 және 11-баптарында көзделген жағдайларда сақтандыру полисіне өзгерістер енгізуге;

4) осы Заңның 19-бабының 1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген адамдарға сақтандыру сыйлықақыларын төлеу бойынша жеңілдік жасауға;

5) көлік оқиғасы туралы хабар алған кезде оны тез арада тіркеуге;

6) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабар алған кезден бастап жеті жұмыс күні ішінде бүлінген (жойылған) мүлікті және бағалауға сақтандыру төлемі мөлшерінің есебін көрсете отырып сақтандыру актісін жасауға және оны пайдаланушыға танысу үшін ұсынуға;

7) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін осы Заңда көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде жүзеге асыруға;

8) сақтанушыға (сақтандырылған адамға) және басқа адамға олардың сақтандыру жағдайы кезінде шығынды болдырмау немесе азайту үшін жұмсаған шығыстарын өтеуге;

9) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге міндетті.

3. Міндетті сақтандыру шартында сақтандырушының Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

17-бап. Зардап шегушінің құқықтары

1. Зардап шегушінің :

1) сақтандырушыға нәтижесінде оған сақтанушы (сақтандырылған адам) зиян келтірген көлік оқиғасы туралы хабарлауға;

2) сақтанушының (сақтандырылған адамның) орнына сақтандыру төлемін жүзеге

асыруға қажетті құжаттар жинап, оны сақтанушының (сақтандырылған адамның) көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаған сақтандырушыға беруге;

3) денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметін пайдалануға;

4) келтірілген зиян мөлшерін бағалау нәтижелерімен сақтандырушы мен тәуелсіз сарапшы жасаған сақтандыру төлемі мөлшерінің есебімен танысуға;

5) осы Заңда белгіленген тәртіппен, мөлшерде және мерзімде сақтандыру төлемін алуға;

б) сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту немесе оның

мөлшерін азайту туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен қарсы болуға;

7) келтірілген зиян сомасы сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінен асып кеткен көлік құралының иесіне келтірілген зиянға қосымша өтем жасау туралы талап қоюға құқылы.

2. Осы Заңда көзделген жағдайларда зардап шегушінің осы баптың 1-тармағында белгіленген құқықтары пайда алушы ретінде саналатын өзге тұлғаларға ауысады.

4-тарау. Сақтандыру сыйлықақылары

18-бап. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері

1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асырған кезде бір көлік құралына арналған жылдық сақтандыру сыйлықақыларының мынадай мөлшері пайдаланылады (айлық есептік көрсеткіштермен):

!	!	жылдық сақтандыру
рет!	!	сыйлықақысының мөлшері
N!	көлік құралының түрі	! _____
!	!	жеке тұлға !заңды тұлға,
!	!	үшін !жеке тұлға*
!	!	үшін
!	!	!
1!	2	!
!	3	!
!	4	!
!	!	!

1. Жеңіл автомобильдер және олардың негізінде жасалған қозғағыш көлемі мынадай көлік құралдары:

1 200 текше см-ге дейін 1,5 3,0

1 200 - 1 600 текше см аралығында	2,0	4,0
1 600 - 2 000 текше см аралығында	3,0	5,0
2 000 - 2 500 текше см аралығында	5,0	7,0
2 500 - 3 500 текше см аралығында	7,0	9,0
3500 текше см-ден жоғары	8,0	10,0
2. Автобустар, шағын автобустар және олардың негізінде жасалған көлік құралдары:		
16-ға дейін жолаушы орны, қоса алғанда	5,0	6,0
16 жолаушыдан артық орын	6,0	7,0
3. Жүк автомобильдері және олардың негізінде жасалған жүк көтергіш көлік құралдары:		
2 тоннаға дейін	6,0	7,0
2 тоннадан артық	7,0	9,0
4. Троллейбустар, трамвайлар	-	7,0
5. Мотокөлік	1,0	1,0
6. Тіркемелер (жартылай тіркемелер)	1,5	2,0

* жолаушылар мен жүк тасу бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы жеке тұлға

2. Көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаған кезде төленуге тиіс сақтандыру сыйлықақысын есептегенде, осы баптың 1-тармағында белгіленген жылдық сақтандыру сыйлықақыларына көлік құралының тіркелген жеріне қарай мынадай аумақтық коэффициенттер қолданылады (көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кірген жағдайларды қоспағанда):

!	!	!	!
рет!	!	!	!
N!	облыстың, республикалық	!	ақысының мөлшеріне)
!	дәрежедегі қаланың атауы	!	_____
!	!	облыс орталығы,	! басқа қалалар
!	!	облыстық	! және елді
!	!	дәрежедегі қала	! мекендер
!	!	!	!
1!	2	!	3
!	!	!	4
!	!	!	!

1. Батыс Қазақстан, Атырау, Қызылорда және Маңғыстау облыстары	0,80	0,70
2. Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан облыстары	0,85	0,75
3. Ақмола, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай және Павлодар облыстары	0,90	0,80
4. Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Алматы облыстары	0,95	0,85
5. Астана қаласы	1,0	
6. Алматы қаласы	1,1	

3. Көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын он екі айдан аз мерзімге жасаған кезде бір көлік-құралына арналған сақтандыру сыйлықақыларының мынадай мөлшері белгіленеді:

! сақтандыру сыйлықақысының
рет! сақтандыру мерзімі ! мөлшері (жылдық сақтандыру
N! ! сыйлықақысынан процентпен)

!	!	!
1!	2	3
!	!	!
1. 5 күн		10
2. 6 күннен - 15 күн аралығында		15
3. 16 күннен, қоса алғанда 1 айға дейін		20
4. 1 айдан, қоса алғанда 2 айға дейін		30
5. 2 айдан, қоса алғанда 3 айға дейін		40
6. 3 айдан, қоса алғанда 4 айға дейін		50
7. 4 айдан, қоса алғанда 5 айға дейін		60
8. 5 айдан, қоса алғанда 6 айға дейін		70
9. 6 айдан, қоса алғанда 7 айға дейін		75
10. 7 айдан, қоса алғанда 8 айға дейін		80
11. 8 айдан, қоса алғанда 9 айға дейін		85
12. 9 айдан, қоса алғанда 10 айға дейін		90
13. 10 айдан, қоса алған 11 айға дейін		95
14. 11 айдан астам		100

4. Кешенді сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы бір көлік

құралы үшін төленеді, мұндайда сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру полисінде көрсетілген көлік құралдары үшін белгіленген сақтандыру сыйлықақысы мөлшерінің ең көп көлеміне тең болып белгіленеді.

19-бап. Сақтандыру сыйлықақыларының мөлшерін азайту және көбейту

1. Көлік құралдарының иелері - Ұлы Отан соғысына қатысушылар және соларға теңестірілген адамдар, I және II топтағы мүгедектер стандартты шарт жасау кезінде осы Заңның 18-бабына сәйкес есептелген, төленуге тиісті сақтандыру сыйлықақысының елу проценті мөлшерінде сақтандыру сыйлықақысын төлейді.

Егер көлік құралы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдар санатына жатқызылмаған басқа көлік иелері пайдаланатын болса, онда көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру аталған жеңілдік берілмей жүзеге асырылады.

2. Егер сақтандыру полисінде көрсетілген көлік құралының иесі осыған дейінгі көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуы кезінде оны пайдалану нәтижесінде сақтандыру төлемін жасауға әкеліп соқтырған зиян келтірсе, сақтандырушы осы Заңның 18-бабына сәйкес есептелген сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін елу процентке дейін көбейте алады.

Бұл тармақтың күші осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген көлік құралдарының иелеріне қолданылмайды.

3. Сақтандырушы осы бапта көзделгеннен басқа негіздер бойынша төленуге тиісті сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін азайтуға немесе көбейтуге құқылы емес.

20-бап. Сақтандыру сыйлықақыларын төлеу тәртібі

1. Егер көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында басқаша көзделмесе, сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын біржолғы төлеммен төлейді.

2. Сақтандырушы көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысының мәулетпен төленуін көздеуге құқылы. Мұндайда сақтандырушы көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының барлық қолданылу мерзімі ішінде сақтанушы алдында жауапты болады. Сақтанушының кезекті сақтандыру жарнасын төлемеу сақтандырушы үшін көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға негіздеме бола алмайды.

3. Сақтанушы кезекті сақтандыру жарнасын уақтылы төлемеген жағдайда сақтандырушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

5-тарау. Сақтандыру жағдайын, келтірілген зиянның және сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау

21-бап. Сақтандыру жағдайын және келтірілген зиянның мөлшерін анықтау

1. Көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетілген, сақтандырылған көлік құралдарын пайдалану нәтижесінде зардап шегуші деп танылған адамдардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтандырылған адамның азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі сақтандыру жағдайы деп танылады.

2. Зардап шегушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның мөлшері денсаулық сақтау ұйымдары берген құжаттар негізінде осы Заңға сәйкес айқындалады.

3. Мүлік бүлінген кезде келтірілген зиянның мөлшері сақтандыру жағдайы болғанға дейінгі мүліктің есептелген амортизациясын (тозуын) алып тастағанда, бүлінген мүлікті қалпына келтіру құнының есебіне қарай айқындалады.

Қалпына келтіру құны сақтандыру жағдайы болған кезде қолданылған орташа рыноктық құн мен тарифтердің негізінде анықталады.

4. Мүлік жойылған кезде келтірілген зиянның мөлшері сақтандыру жағдайы болған күнгі мүліктің тозуын ескере отырып іс жүзіндегі құнына қарай анықталады.

Егер мүлікті қалпына келтіру техникалық жағынан мүмкін болмаса немесе экономикалық тұрғыдан негізделмесе мүлік жойылған деп есептеледі. Мүлікті қалпына келтіру кезінде күтілетін шығыстар оның сақтандыру жағдайы басталған күнгі рыноктық құнының сексен процентінен асып кетсе, мүлікті қалпына келтіру экономикалық тұрғыдан негізделмеген болып есептеледі.

5. Мүлік бүлінген кезде келтірілген зиянның мөлшерін сақтандырушы немесе ол тартқан сарапшы бүлінген мүлікті қалпына келтіруге жұмсалатын шығысты есептеу негізінде бағалайды.

Бұл бағалаудың нәтижелері сақтанушы (сақтандырылған адам) үшін немесе басқаша дәлелдеуге құқылы зардап шегуші үшін міндетті болып табылмайды.

6. Мүлкіне зиян келтірілген зардап шегуші не сақтанушы (сақтандырылған адам) сақтандырушыға сақтандыру жағдайы туралы ескерткеннен кейін жеті жұмыс күн бойы осы мүлікті көлік оқиғасынан кейінгі күйінде сақтауға және оны сақтандырушыға немесе тәуелсіз сарапшыға келтірілген зиянды бағалауға жағдай жасауға міндетті.

22-бап. Келтірілген зиянның мөлшерін анықтаудың ерекше шарттары

1. Сақтанушы (сақтандырылған адам) немесе зардап шегуші мүлікке келтірілген зиянның мөлшеріне сақтандырушы немесе оның өтініші бойынша тәуелсіз сарапшы жасаған бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда, ол зиянның мөлшерін анықтау үшін басқа тәуелсіз сарапшыға өтініш жасауға құқылы. Бұл орайда, егер сақтандырушы бағалауды мойындаса немесе сот бағалаудың негізділігі мен дұрыстығын анықтаса, сақтандыру төлемнің жүзеге асырылуына қарамастан, сақтандырушы сақтанушының (сақтандырылған адамның) немесе зардап шегушінің шеккен зиянын өтеуге тиіс.

2. Егер сақтандырушы сақтандыру жағдайы туралы хабарды алғаннан кейін жеті күн ішінде сақтандыру актісін жасай отырып мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін бағалау ұйымдастырылмаса, онда сақтанушы (сақтандырылған адам) немесе зардап шегуші тәуелсіз сарапшының қызметін пайдалануға және содан кейін барып мүлікті қалпына келтіру (кәдеге жарату) жұмысын бастауға құқылы. Мұндай жағдайда сақтандырушы бүлінген (жойылған) мүлікті уақытында бағалаудың мүмкін болмауы дәлелді себептерге (осы мүлік иесінің қайтыс болуы, науқастануы) байланысты екендігін немесе сақтанушының (сақтандырылған адамның) немесе зардап шегушінің кінәсі бар екендігін

(мүлікті қарауға беруден жалтаруы) дәлелдей алмаса, мүлікке келтірілген зиян мөлшеріне дау айтуға құқығы жоқ.

23-бап. Сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау

1. Бір сақтандыру жағдайы бойынша сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі мынадай болады (айлық есептік көрсеткіштермен):

1) әрбір зардап шегушінің өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін және:

қаза тапса - 600

мүгедектік белгіленсе:

I топ - 500

II топ - 400

III топ - 300

жалпы еңбекке жарамдылығын уақытша жоғалтса - амбулаториялық және (немесе) тұрақты емделуге жұмсалған нақты шығыс мөлшерінде, бірақ 200-ден аспайды. Мұндайда әрбір тұрақты емделу күні үшін сақтандыру төлемінің мөлшері кемінде 1,5 айлық есептік көрсеткіш болуы тиіс;

2) зардап шегушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін - келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ 400-ден аспайды, ал бірнеше зардап шегушінің мүлкіне зиян келтірілген жағдайда - келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ барлық зардап шегушіге 1000-нан аспайды, мұндайда әрбір зардап шегушіге сақтандыру төлемі оның мүлкіне келтірілген зиянның

мөлшеріне тепе-тең төленеді.

2. Сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу үшін сақтандыру төлемі жасалған күнгі айлық есептік көрсеткіш пайдаланылады.

3. Шығынды болдырмау немесе азайту мақсатында сақтанушы (сақтандырылған адам) жұмсаған шығыстарды, егер мұндай шығыстар сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін қажет болса немесе жұмсалса, тіпті тиісті шаралар нәтижесіз болса да, сақтандырушы өтеуге тиіс.

Мұндай шығыстар нақты мөлшерде өтеледі, сонымен бірге сақтандыру төлемінің жалпы сомасы және шығыстар өтемақысы көлік құралы иелерінің жауапкершілігін сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспауға тиіс. Егер шығыстар сақтанушы сақтандырушының нұсқауларын орындау нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына жатқызылмай, толық мөлшерде өтеледі.

Сақтандырушы көрсетілген шығыстарды тікелей оларды жұмсаған адамға өтейді.

4. Келтірілген зиянды толық өтеу үшін сақтандыру сомасы жеткіліксіз болған жағдайда сақтанушы зардап шегушіге сақтандыру сомасы мен шығынның нақты мөлшері арасындағы айырмашылықты өтейді.

5. Зардап шегуші қайтыс болған жағдайда сақтандырушы зардап шегушіні жерлеген адамға жерлеуге жұмсалған қажетті шығыстарды нақты шығындар мөлшерінде, бірақ көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының шегінде өтейді.

24-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың жалпы талаптары

1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы (сақтандырылған адам) немесе пайда алушы болып табылатын өзге тұлға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып жазбаша түрде б е р е д і .

2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) сақтандыру полисі (оның дубликаты);

2) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және үшінші тұлғаға келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжат;

3) зардап шегушінің еңбекке уақытша жарамсыздық мерзімі туралы денсаулық сақтау ұйымдары анықтамасының көшірмесі немесе мамандандырылған мекемелердің зардап шегушіге мүгедектік белгілеу туралы анықтамасының көшірмесі - оның мүгедектігі анықталған жағдайда;

4) зардап шегуші қайтыс болған жағдайда - зардап шегушінің қайтыс болуы туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесі және пайда алушының зиянды өтеу құқығын растайтын құжат (көшірмесі);

5) тәуелсіз сарапшы жасаған зиянның мөлшерін бағалау жөніндегі құжаттар - олар

б о л с а ;

6) пайда алушының жеке басы куәлігінің көшірмесі (жеке тұлға үшін) немесе заңды тұлғаның өкіліне берілген сенімхаттың түпнұсқасы;

7) сақтандыру жағдайы басталған кезде зиянды болдырмау немесе азайту мақсатында сақтанушы (сақтандырылған адам) жұмсаған шығыстарды растайтын құжаттар - олар болса ;

8) сақтанушының (сақтандырылған адамның) немесе көлік құралын жүргізуші адамның жүргізуші куәлігінің көшірмесі және оның осы көлік құралын жүргізуге құқығын растайтын құжаттың көшірмесі.

Сақтандырушының сақтанушыдан (сақтандырылған адамнан) не зардап шегушіден басқа құжаттарды қосымша талап етуіне жол берілмейді.

3. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдаған күнді көрсете отырып өтініш берушіге анықтама беруге м і н д е т т і .

4. Зардап шегуші (ол қайтыс болған жағдайда - зардап шегушінің қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зиянды өтеп алуға құқығы бар адам), сондай-ақ сақтанушы (сақтандырылған адам) немесе зардап шегушіге (зиянды өтеп алуға құқығы бар адамға) келтірілген зиянды сақтандырушының осы Заңмен белгіленген жауапкершілігі көлемінің шегінде өтейтін және сақтандыру төлеміне құқық алған өзге тұлға пайда алушы болып табылады.

5. Зардап шегушінің жазбаша ресімделген өтініші немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша сақтандыру төлемі оның денсаулығын және (немесе) мүлкін қалпына келтіру бойынша қызмет көрсеткен (көрсететін) адамға тікелей жасалуы м ү м к і н .

6. Зардап шегушінің өміріне және денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі басқа сақтандыру шарты бойынша есептелген оған (зиянды өтеп алуға құқығы бар адамға) тиесілі сомаға қарамастан жүзеге асырылады.

7. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде пайда алушыдан оның сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттар қабылдауын талап етуге қ ұ қ ы л ы е м е с .

8. Сақтандырушы осы мүліктің сақтандыру жағдайы басталған күнгі рыноктық құны мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асырған жағдайда мүлікке және оның қ а л д ы қ т а р ы н а құ қ ы ғы бар .

25-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі

1. Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы Заңның 24-бабында көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде төлейді.

2. Сақтандыру төлемінің мөлшеріне қатысты пайда алушы қарсы болған жағдайда

сақтандырушы сақтандыру төлемінің көрсетілген адамдардың бірде-бірі қарсы болмаған бөлігін осы баптың 1-тармағында көзделген мерзім ішінде төлеуге міндетті.

Сақтандырушы сақтандыру төлемінің қарсылық болған бөлігін бітім келісіміне қол қойылған және оны сот бекіткен күннен бастап не егер сот шешімінде оның тез арада орындалуы айтылмаса, осы дау бойынша соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде төлеуге тиіс.

3. Егер сақтандыру жағдайына әкеп соққан оқиға нәтижесінде зардап шегушінің алған жарақаты салдарынан үш жыл ішінде денсаулығы нашарлай бастаса (мүгедектікке душар болса немесе мүгедектіктің неғұрлым жоғары тобы белгіленетін болса) не қайтыс болса, онда сақтандырушы зардап шегушіден (пайда алушыдан) түскен өтініштің және тиісті құжаттардың негізінде осы Заңда белгіленген мөлшерде және тәртіппен сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеуге міндетті. Сонымен бірге сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеген кезде бұрын төленген сомалар есепке алын ады .

4. Сақтандырушы сақтандыру төлемін уақтылы төлемеген жағдайда пайда алушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің К941000_ 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

26-бап. Бірнеше адам зиян келтірген кездегі сақтандыру төлемі

Көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттары бар бірнеше көлік құралдары зиян келтірген кезде пайда алушы сақтандыру төлемін олардың әрқайсысынан жеке алуға құқылы. Әрбір сақтандырушы сақтандыру төлемін осы Заңда белгіленген жауапкершілік көлемі шегінде және сақтанушының жауапкершілігіне тең мөлшерде жүзеге асырады. Мұндайда барлық сақтандырушылар жасаған сақтандыру төлемінің жалпы сомасы зардап шегушіге келтірілген нақты зиян мөлшерінен және әрбір сақтандырушы үшін көзделген жауапкершіліктің шекті көлемінен аспауға тиіс .

27-бап. Зиян келтірген адамға кері талап қою құқығы

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушының сақтанушыға (сақтандырылған адамға) төленген сома шегінде мынадай жағдайларда кері талап қоюға құқығы бар , егер :

1) сақтанушының (сақтандырылған адамның) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның қажетті қорғану және шұғыл қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекеттері салдарынан болса;

2) сақтанушының (сақтандырылған адамның) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі

оның көлік құралын алкогольдің, есірткінің немесе токсикоманиялық мас күйде болу салдарынан басталса;

3) көлік құраған жүргізуші адам көлік құралын жүргізуге құқығы болмаса;

4) сот талқылауы барысында сақтандыру жағдайы сақтанушы (сақтандырылған адам) білген немесе білуге тиісті көлік құралының техникалық ақауы салдарынан болғаны анықталса;

5) көлік құралы өзінің техникалық мақсатына сай пайдаланылмаса;

6) сақтанушы (сақтандырылған адам) сақтандыру жағдайынан болған шығындарды азайту жөніндегі шараларды қасақана қолданбаса;

7) көлік құралын жүргізуші адам көлік оқиғасы болған жерден қашып кетсе.

2. Егер осы баптың 1-тармағында атап көрсетілген жағдайларда келтірілген зиянға кінәлі адам көлік құралын оның иесімен еңбек қатынасына орай пайдаланса немесе оның иесінің қатысуымен мәмілені жазбаша түрде ресімдемей пайдаланса, онда сақтандырушының осы көлік құралының иесіне кері талап қою (регреске) құқығы болады.

3. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға сақтанушы (сақтандырылған адам) сақтандыру нәтижесінде өтелген шығындар үшін жауапты адамға кері талабы құқығының төленген сомасы шегінде ауысады. Бұл орайда егер автомобиль жолдары мен олардың құрылысына қанағаттанғысыз қызмет көрсетуінен сақтандыру жағдайы болған деп анықталса, көлік құралы иесінің осындай жағдайлар жасауға кінәлі адамға талап қою құқығы сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға ауысады.

28-бап. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері

1. Егер сақтандыру жағдайы:

1) пайда алушының қажетті қорғану және шұғыл қажеттілік жағдайында жасаған іс-әрекеттерін қоспағанда, сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекеттері;

2) пайда алушының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қасақана қылмыстар немесе сақтандыру жағдайымен себепті байланыста болатын әкімшілік құқық бұзушылықтар болып танылатын іс-әрекеттері салдарынан болса сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы.

2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар да негіз болуы мүмкін:

1) сақтанушының шығын келтіруге кінәлі адамнан шығынға тиісінше өтем алуы;

2) осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандырушының сақтандыру

жағдайының басталуы туралы ескертпеуі;

3) сақтанушы (сақтандырылған адам) көлік құралын жарыстарда, сынақтарда немесе жүргізуді оқыту мақсатына арналған орындарда оқыту кезінде пайдалануы;

4) көлік құралын тиеу немесе түсіру кезінде зиян келтіру;

5) қоршаған ортаға зиян келтіру;

6) зардап шегушінің ақша, бағалы қағаздар, алтын, күмістен жасалған бұйымдар, асыл тастар, әсемдік бұйымдар, өнер туындылары немесе басқа да құндылықтар түріндегі мүлкіне зиян келтіру;

7) зардап шегушінің осы Заңның 21-бабы 6-тармағының талаптарын бұзуы.

3. Сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тарту үшін негіздер болған жағдайда, сақтандырушы бас тартудың дәлелді себебі көрсетілген тиісті жазбаша шешімді сақтандыру төлемі туралы талап қойған адамға талап ұсынылған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жіберуге міндетті.

4. Егер бұл дәлелді себептерге байланысты болса және сақтандыру жағдайын зардап шегушінің өміріне немесе денсаулығына зиян келтірілгендігі туралы фактіні растайтын тиісті құжаттар ұсынылса, сондай-ақ бүлінген (жойылған) мүлік көлік оқиғасынан кейінгі күйінде қарау үшін ұсынылған болса, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға уақтылы

ескертпеу немесе хабарламау сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіз бола алмайды.

5. Егер сақтандыру жағдайы:

1) ядролық жарылыстың, радиацияның, немесе радиоактивті зақымданудың әсері;

2) соғыс қимылдары;

3) азамат соғысы, алуан түрлі халықтық толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер салдарынан басталса, сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

6-тарау. Қорытынды ережелер

29-бап. Дауларды қарау тәртібі

Көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қаралады.

30-бап. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік

1. Сақтанушы ретінде оны жүзеге асыруға міндетті тұлғаның, сондай-ақ сақтандырушы ретінде міндетті болатын сақтандыру ұйымының сақтандырудан

жалтаруы Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленгендей жауапқа т а р т ы л а д ы .

2. Сақтандыру жағдайын әдейі жасау, сондай-ақ сақтандыру төлемін

заңсыз алуға бағытталған өзге де алаяқтық іс-әрекеттер Қазақстан Республикасының қылмыстық заңдарына сәйкес жауапкершілікке апарып соғады.

3. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзуға кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауап береді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.